




«Достық» орденімен марапаттады



Суреттері түсіріледі – А.ЮСУФЬЕВ, Е.ЖИМБЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық ауыр атлетика федерациясының президенті Мұхаммед Джалуд әл-Шамари мен Азия ауыр атлетика федерациясының президенті Мұхаммед Юсуф әл-Мананы қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев меймандарға ілтипат білдіріп, ынтымақтастықты нығайтуға және Қазақстанда ауыр атлетиканы дамытуға үлес қосқаны үшін федерациялардың басшыларына ризашылығын білдірді. Президент елімізде спорттың осы түрі ерекше маңызға ие екенін атап өтті. Бүгінде 20 мыңнан аса отандасмыз ауыр атлетикамен жүйелі түрде айналысады. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қазақстанда аталған спорт түрін ілгерілету үшін федерациялармен нәтижелі әрі тығыз қарым-қатынасты жаңа деңгейге апаратын жолдарды көрсетті. Өз кезегінде Мұхаммед Юсуф әл-Манан қонақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, Қазақстанда ауыр

атлетика мектебі қалыптасқанын мәлімдеді. Сонымен қатар Астана, Алматы қалаларында ауыр атлетикадан Орталық Азия елдері үшін өңірлік хаб құруға қажетті жағдай жасалғанына тоқталды. Ал Мұхаммед Джалуд әл-Шамари еліміздің ауыр атлеттері Бахрейнде өткен әлем чемпионатында табысты өнер көрсеткенін атап өтіп, Лос-Анджелес Олимпиадасының лицензиялық турнирін өткізуге Қазақстанның мүмкіндігі мол екенін жеткізді. Кездесу соңында Президент ауыр атлетиканы ілгерілетуге үлес қосқаны үшін Мұхаммед Джалуд әл-Шамари мен Мұхаммед Юсуф әл-Мананы II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі құру туралы келісімнің 12-бабының 1-тармағына жай операцияларға жарғылық капиталды шектеудің күшін жою мақсатындағы түзетулерді ратификациялау туралы

Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі Басқарушылар кеңесінің 2023 жылғы 18 мамырдағы № 260 қаулысымен мақұдданған Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі құру туралы келісімнің 12-бабының 1-тармағына жай операцияларға жарғылық капиталды шектеудің күшін жою мақсатындағы түзетулер ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті **К.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2025 жылғы 17 қаңтар № 158-VIII ҚРЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі құру туралы келісімнің 1-бабына банк операцияларын географиялық қамтуды Сахарадан оңтүстікке қарай орналасқан Африка елдері мен Иракқа шектеулі түрде және біртіндеп қолдануды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін түзетулерді ратификациялау туралы

Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі Басқарушылар кеңесінің 2023 жылғы 18 мамырдағы № 259 қаулысымен мақұдданған Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі құру туралы келісімнің 1-бабына банк операцияларын географиялық қамтуды Сахарадан оңтүстікке қарай орналасқан Африка елдері мен Иракқа шектеулі түрде және біртіндеп қолдануды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін түзетулер ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті **К.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2025 жылғы 17 қаңтар № 159-VIII ҚРЗ

МЕРЕЙ

«Казахстанская правда»: үлкен жолдың бел-белестері

«Казахстанская правда» газетінің жарыққа шыққанына – 105 жыл. Осы мерейлі датаға орай елордадағы Достық үйінде «Үлкен жолдың кезеңдері» атты ғылыми-практикалық конференция өтті. Оған ел қайраткерлерінен бастап жалпы зиялы қауым, мемлекеттік қызметкерлер, барша сала мамандары қатысып, басылым туралы ойларын ортаға салды.

Гүлнар ЖОЛЖАН, Ескендір ЗҰЛҚАРНАЙ, «Egemen Qazaqstan»
Баспасөз – сенімді дереккөз

«Казправданың» алғашқы нөмірі 1920 жылы 1 қаңтарда жарық көрді. Газет «Известия Киргизского края» деп аталды. Уақыт өте келе елмен бірге баспасөз де өзгерді. «Степная правда», «Советская степь» деген атпен шықты. Ал 1932 жылдан

бастап «Казахстанская правда» болды. Әрине, газет атаулары ғана емес, сонымен қатар форматы, тиражы, тақырыбы, мазмұны да өзгерді. Газеттің тарихынан сыр шерген «Қазақ газеттері» серіктестігінің бас директоры, академик Дихан Қамзабекұлы іс-шараны жүргізіп, «Казправданың» қазіргі күнге дейін жүріп өткен жолын айтып өтті.

Жемқорлықпен күресті күшейту керек



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Асхат Жұмағалиды қабылдады.

Президентке Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің елімізде қабылдаған шаралары туралы есеп берілді. Қасым-Жомарт Тоқаевқа Антикор қызметінің биылғы

жоспары, соның ішінде «Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру жөніндегі негізгі міндеттері таныстырылды.

2 >

Мемлекеттік басқарудың тиімділігі маңызды



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астана мемлекеттік қызмет хабы Басқарушы комитетінің төрағасы Әлихан Байменовті қабылдады.

Өңгімелесу барысында әлемдегі мемлекеттік басқарудың даму үрдістері мен доктриналары талқыланды. Астана мемлекеттік қызмет хабының жетекшісі мемлекеттік басқару саласының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жергілікті атқарушы биліктің құзыреттерін кеңейту мәселелері жөнінде ой-пікірін жеткізді. Сонымен қатар Әлихан Байменов V Дүниежүзілік

көшпелілер ойындары қазақтың ұлттық спорты – тоғызқұмалақтың танымалдылығын арттыруға ерекше ықпал еткенін айтты. Президент Астана мемлекеттік қызмет хабы елімізде жүргізіліп жатқан реформаларға тұрақты сараптамалық қолдау көрсетіп келе жатқанын атап өтіп, айтылған ұсыныстар бойынша тиісті мемлекеттік органдармен тығыз жұмыс істеуді тапсырды.

Ғылымды жүйелі қолдау жалғасады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күршібаевты қабылдады.

Президентке Ұлттық ғылым академиясының бытырғы атқарған қызметінің негізгі нәтижелері жөнінде баяндалды. Мемлекет басшысына 2024 жылы отандық ғылымның жағдайын бағамдап, саланы дамытудың басым бағыттарын айқындау мақсатында жүргізілген кешенді жұмыс жөнінде мәлімет берілді. Ақылбек Күршібаевтың айтуынша, былтыр бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру көзделген 113 ғылыми-техникалық тапсырмаға сараптама жүргізілген, сондай-ақ 3 интеграцияланған пәнаралық ғылыми-техникалық бағдарлама әзірленген. Қасым-Жомарт Тоқаев отандық ғылымның әлеуетін арттыру үшін одан әрі жүйелі шаралар

қабылдау қажет екеніне назар аударды. Тауда Ұлттық ғылым академиясына Президент ғылымның жоғары ғылыми ұйым мәртебесін беретін Жарлыққа қол қойылды. Үкіметке аталған Жарлықты жүзеге асыруға қатысты құқықтық мәселелерді жеделдету туралы тапсырма берілді. Сондай-ақ ғылымды қаржыландыру 3,5 есе ұлғайды, «Ғылым және технологиялық саясат туралы» жаңа заң қабылданды. Жас ғалымдарды әлеуметтік тұрғыдан қолдау күшейтілді. Президенттің тапсырмасымен оларға баспана беріліп жатыр. Мемлекет басшысы Ұлттық ғылым академиясына бірқатар міндет жүктеді.

Телефон арқылы сөйлесті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбанмен телефон арқылы сөйлесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Виктор Орбан екіжақты күн тәртібінің өзекті мәселелерін талқылап, Қазақстан мен Мажарстан арасындағы стратегиялық серіктестікке оң баға берді. Ең алдымен энергетика, қаржы және инвестиция салаларындағы жоғары деңгейде қол жеткізілген келісімдерді тиімді іске асыруға баса назар аударылды. Екіжақты ынтымақтастықты одан әрі жаңадандыру үшін

бірлескен жұмысты жалғастырудың маңызына ден қойылды. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Виктор Орбан қазіргі жаһандық және өңірлік мәселелер бойынша пікір алмасып, халықаралық ұйымдар аясындағы өзара ықпалдастықты күшейтуге бейіл екендерін растады. Өңгімелесу соңында Мемлекет басшысы Мажарстан Премьер-министрін Қазақстанға сапармен келуге шақырды.

ЖОЛДАУ ЖҮГІ

Алатау – болашақтың қаласы



Алатау қаласының құрылғанына жылдан асты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен еңсе тіктеген шаһардың бұл күнде Бас жоспары бекітіліп, шекарасы нақтыланды.

Ұлбосын ИСАБЕК, «Egemen Qazaqstan»

Бюджет бекіді

Қаланың жалпы көлемі – 88 мың гектар, халқының саны – 52,7 мың адам. Жаңа қаланы құру арқылы жол желілерін, инженерлік, әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын жаңғыртуға, мыңдаған жаңа

жұмыс орнын ашуға, заманауи технология мен инвестицияны, қосымша қаржы ағынын тартуға, кәсіпкерлік белсенділікті дамытуға, салық түсімін ұлғайтуға мүмкіндік бар. «Алатау қаласының әкімшілік бірлігіне Қонаев қаласы, Іле мен Талғар аудандарынан енген 12 елді мекен кіреді. Қала әкімдігі мен мәслихатының бірлескен шешіміне

сәйкес Дәулет, Қайрат, Еңбек, Жаңаарна, Құйған, Жаңадәуір, Жаңаталап, Ынтымақ, Қоянқұс, Заречный, Арна, Жетігенге шағын аудан мәртебесі берілді. Шекара белгіленіп, жер қатынастары саласында шешімдер қабылдауға мүмкіндік алды. Алатау қаласының әкімдігі құрылып, 50-ге жуық мемлекеттік қызметкер тағайындалып, бос орындарға конкурс жарияланды», дейді Алатау қаласы әкімінің міндетін атқарушы Ержан Абдыхалықов.

3 >